

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Энтерококки и коагулазно-негативные стафилококки (например, *Staphylococcus saprophyticus*) являются наиболее часто встречающимися грамположительными микроорганизмами. [7].

Заключение

Таким образом, проведенное исследование показало, что возбудителями инфекции мочевыводящих путей могут быть как патогенные (*Proteus vulgaris*), так и условно-патогенные микроорганизмы (*Escherichia coli*, *Staphylococcus aureus*, *Staphylococcus epidermidis*, *Staphylococcus saprophyticus*, *Klebsiella pneumoniae*). В нашем исследовании ведущим агентом является *Escherichia coli*, что согласуется с литературными данными, однако в настоящее время сложилась обстановка, что для каждого региона и даже стационара характерны свои особенности микробиоты, которые требуют дальнейших исследований.

Список использованных источников

1. Sender R, Fuchs S, Milo R. Revised Estimates for the Number of Human and Bacteria Cells in the Body. PLoS Biol. 2019 №12. P.139–172.
2. Human Microbiome Project Consortium. Structure, function and diversity of the healthy human microbiome. Nature. // P. 207-214.
3. Sekirov I, Finlay BB. Human and microbe: united we stand. Nat Med. 2022;12:736-737.
4. Roberts KB Subcommittee on Urinary Tract Infection, Steering Committee on Quality Improvement and Management // 2022. P. 3–4.
5. Плоскирева А.А., Горелов А.В. Алгоритм терапии острых кишечных инфекций у детей // Лечащий врач. 2016. – № 3. – С. 2-11.
6. Харченко Г.А., Кимирилова О.Г. Клинико-эпидемиологические особенности острых кишечных инфекций у детей в Астраханской области: результаты ретроспективного исследования // Детские инфекции. – 2020. - № 19 С. 4-7.
7. Working group of the clinical practice guidelines for urinary tract infections in children. Clinical Practice Guideline for Urinary Tract Infection in Children – 2021 №19. P.13–14.

ӘОК 57.042

ЭНДОКРИНДІ АУРУЛАР ЖИЛІГІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ МЕКЕНМЕН БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

Бегендикова Асем Байконуровна

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан,
Begendikova29@gmail.com;

Ғылыми жетекші - б.ғ.к., доцент Исакова Д.Т.

Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет. Астана, 010000, Қазақстан,
Isakova_07@list.ru

Эндокриндік жүйе ағзаның ең маңызды реттеуші жүйелерінің бірі болып табылады, ол қоршаған орта жағдайларына, стресс факторларына бейімделуді қамтамасыз етеді. Қоршаған ортаның зиянды заттарына бейімделу барсында функционалдық белсенділігі артады, яғни бейімделуін қамтамасыз ететін гормондардың көп мөлшерінің бөлінуімен жауап береді. Егер қолайсыз факторлар ұзақ уақыт әсер етсе, онда бездердің функционалдық депрессиясы басталады және қандағы бейімделу гормондарының деңгейі төмендейді. Жүйелік эндокринопатияның дамуы кәсіптік аурулардың бастапқы көрінісі болып табылады және оларды ерте диагностикалау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Мақалада Батыс Қазақстан Облысы, Ақсай қаласының жергілікті тұрғындарының эндокриндік аурулар санының жасөспірімдер мен ересек адамдарда өсуі қарастырылған. Әсіресе, аурулар санының артуы 18 жас пен 60 жас аралығындағы ересектерді қамтиды. Бұған себеп орта жас өкілдерінің Қарашығанақ мұнай – газ кең орнында жұмыс атқарумен байланысты болуы мүмкін. «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» кен орны қызметкерлерінің Қазақстан бойынша бөлінген үлесінің 90%-дан астамы Ақсай қаласы тұрғындарын құрайды. Батыс Қазақстан облысыныңБөрлі ауданыАқсай қаласынан 30 км жерде орналасқан Қазақстанның ірі мұнай-газ кен орны. 200 км² астам аумақты алып жатқан кен шоғыры 1979 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Кен шоғыры мұнайлы, газды, конденсатты."Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг" әлем бойынша ең ірі мұнай-газ конденсаты кен орынының операторы. Республика бойынша барлық газдың 45%, ал мұнайдың 16% өндіреді. Мұнда газдың 1,35 трлн. текше метр қоры мен 200 миллион тоннадан астам мұнай мен газ конденсаты қоры бар. Қабат газындағы метан мөлшері – 83,2%, ауыр көмірсутектер – 8,5%, көмірқышқыл газы – 5,1%, күкіртті сутегі – 3,2%, конденсат – 795 г/м құрайды[1].


«КПО Б.В.»ЖШС өндірістік кешені ауаға 51 (және 7 канцероген) заттар шығарады. Ауаны ластағыш заттар шығару аймақтарының жалпы саны 272, оның 164 ұйымдық және ұйымдық емес жерлерді қамтиды.

Кен шоғыры газды өндіру, өңдеу, дайындау, факельде жағу және тасымалдау процесстері кезінде көмірсутек, күкіртсутек, көміртегі тотығы, III-IV класс токсиканттары мен азот оксидтері сияқты ластағыш заттардың газ, бу, сұйық немесе қатты күйде атмосфераға бөлінуі мүмкін [2].

Табиғи газ бен мұнайда күкірт қосылыс түрінде құрамында болғандықтан, кен орындарында факельді жағу кезінде күкірт ауаға ұшып, атмосфераны ластайды. Қарашығанақ газ конденсатында күкірттің максималды мөлшері (3.8%), ілеспе газдың (6.5% мас.) және меркаптандардың (0.033% ХАА) бөлінеді. Бұл атмосферада күкіртсутектің рұқсат етілмейтін жоғарғы мөлшерінің жинақталуына әкеліп, адам денсаулығына жағымсыз әсер етуі мүмкін [3].


Қарашығанақ кен орнында Диоксид күкірттері, азот оксидінің, диоксид азоты мен көміртегі оксидінің шекті рұқсат етілген концентрациясынан асып кеткенің көре аламыз.

Келтірілген мәліметтер Батыс Қазақстан Облысы, Ақсай қаласының жергілікті тұрғындарының емханада тіркелу көрсеткішінен алынды.




Сурет 1 2018 жылғы 14 жасты қосқанда эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші.

Алынған материалдан байқағанымыз 2018 жылы 14 жасқа дейінгі балалар арасында жалпы саны 43 адам тіркелген, оның ішінде 30 қыз бала. Гипотиреозбен 13 адам тіркелген, оның 9 қыз бала. Зобпен немесе зобсыз тиреотоксикозбен 2 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 2. Инсулинге тәуелді қант диабетімен 8 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 7. Инсулинен тәуелсіз қант диабетімен 4 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 3. Гипофиз нанизмімен 1 адам тіркелді. Семіздікпен 5 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 1 [4].



Сурет 2 2018 жылғы 18 жас және жоғары жастағылардың эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші.

2018 жылы 18 жас және одан жоғары ересектері арасында жалпы саны 1191 адам тіркелген, оның ішінде 882 әйелдер. Гипотиреозбен 199 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 198. Зобпен немесе зобсыз тиреотоксикозбен 75 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 62. Инсулинге тәуелді қант диабетімен 66 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 35. Инсулинен тәуелсіз қант диабетімен 751 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 567. АДДИНОСА ауруымен 33 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 13. Семіздікпен 4 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер саны 4.




Сурет 3 2018 жыл 60 жас және жоғары жастағылардың эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші.

2018 жылы 60 жас және одан жоғары ересектер арасында жалпы саны 495 науқас тіркелді, оның ішінде 362 әйел адам. Гипотиреозбен 37 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 20. Зобпен немесе зобсыз тиреотоксикозбен 23 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 19. Инсулинге тәуелді қант диабетімен 23 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 18. Инсулинен тәуелсіз қант диабетімен 289 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 209 [5].



Сурет 4 2020 жылы 14 жасқа дейінгі балалар арасында эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші.


Сурет 4те 2020 жылы 14 жасқа дейінгі балалар арасында эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші келтірілген. Жалпы тіркелген науқастардың саны 46, оның 32 қыз бала. Гипотиреозбен 15 адам тіркелді, оның қыздар 9. Зобпен немесе зобсыз тиреотоксикозбен 1 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 1. Инсулинге тәуелді қант диабетімен 8 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 6. Гипофиз нанизмімен 2 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 0. Семіздікпен 9 адам тіркелді, оның ішінде қыздар 2.



Сурет 5 2020 жылы 18 жас және одан жоғары эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші.

2020 жылы 18 жас және одан жоғары ересектер арасында жалпы саны 1458 науқас тіркелген, оның 999 әйел адам. Соның ішінде йод жетіспеушілігі және ұқсас жағдайлармен байланысты қалқанша без ауруларымен 215 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 213. Гипотиреозбен 81 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 66. Зобпен немесе зобсыз тиреотоксикозбен 77 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 37. Инсулинге тәуелді қант

диабетімен 957 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 612. Семіздікпен 6 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 6 [6].



Сурет 6 2020 жыл 60 жас және жоғары эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші.

2020 жылы 60 жас және одан жоғары ересектер арасында науқастардың саны 508, оның 373 әйелдер. Оның ішінде гипотиреозбен 39 адам тіркелді, әйелдер саны 22. Зобпен немесе зобсыз тиреотоксикозбен 24 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 20. Инсулинге тәуелді қант диабетімен 23 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 14. Инсулиннен тәуелсіз қант диабетімен 300 адам тіркелді, оның ішінде әйелдер 217 [7].

Қорытындылай келе 2020 жылғы 14 жасты қосқанда эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші 2018 жылмен салыстырғанда 6,9 % өскен, 18 жас және одан жоғары жастар арасындағы көрсеткіш 22,4 % өсіп отырғанын байқаймыз. 60 жас және жоғары эндокриндік ауытқулардың көрсеткіші 2,6% өскен.

Науқастар арасындағы жоғарғы көрсеткіш 18 жас және одан жоғары жастар арасында болып тұр, яғни 22,4 % құрайды. Бұдан шығатын қорытынды газ құрамындағы зиянды заттар адам ағзасына кері әсер етеді, яғни эндокриндік бұзылулар, рак аурулары, тыныс жолдарының зақымданы т.б.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жакишева, А. А. Экологические последствия добычи нефтегазовых ресурсов. Вестник Челябинского государственного университета. 2011. № 31(246). Экономика. Вып. 33. С. 137–141. [ekologicheskie-posledstviya-dobychi-neftegazovyh-resursov.pdf](#)
2. Полозов, М. Б. Экология нефтегазодобывающего комплекса. Учебно-методическое пособие «– Ижевск: Изд-во «Удмуртский университет», 2012г.-174с. [http://elibrary.udsu.ru/xmlui/bitstream/handle/123456789/8611/201235.pdf?sequence=1](#)
3. Турабаева, Г. К., Оспанова, Г. С., Бозшатаева, Г. Т. Исследование влияния техногенного воздействия нефтяных месторождений республики казахстан на окружающую среду. // Успехи современного естествознания. –2014.–№7.–С.159-160; URL: [https://natural-sciences.ru/ru/article/view?id=34168](#)
4. Гольберг, В. М. Взаимосвязь загрязнений подземных вод и природной среды / В. М. Гольберг. Л.: Гидрометеоздат, 1987. 247 с. [https://www.geokniga.org/bookfiles/geoknigavzaimosvyazzagryazneniyapodzemnyhvodiprirodnaysredy.pdf](#)

5. Евтеева, А. А., Шеремета, М. С., Пигарова, Е. А. Эндокринные дисрапторы в патогенезе таких социально значимых заболеваний, как сахарный диабет, злокачественные новообразования, сердечно-сосудистые заболевания, патология репродуктивной системы. Ожирение и метаболизм. 2021;18(3):327-335. <https://doi.org/10.14341/omet12757>
6. Darbre, P. D. Endocrine disruption and human health. New York: Academic; 2015. <https://doi.org/10.1016/b978-0-12-801139-3.00008-9>
7. Kirkley, A G, Sargis, R M. Environmental endocrine disruption of energy metabolism and cardiovascular risk. Current Diabetes Reports. 2014;14:494. <https://doi.org/10.1007/s11892-014-0494-0>

УДК 614.2

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ИНФЕКЦИИ COVID-19 НА ЗАБОЛЕВАЕМОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

Вакитова Айнур Маратовна

a.vakitova@gmail.com

Магистрант Евразийского Национального Университета, Астана, Казахстан
Научный руководитель-Мукатаева Жанат Макановна

Инфекция COVID-19 затрагивает все слои населения и особенно пагубно сказывается на представителях тех социальных групп, которые находятся в наиболее уязвимом положении, продолжает поражать группы населения, включая людей, которые имеют хронические заболевания. На сегодняшний день население Павлодарской области составляет 754 739 человека.

Целью данного исследования является анализ влияние COVID-19 на заболеваемость населения Павлодарской области. Проведена оценка здоровья обслуживаемых контингентов и уровня организации и качества и эффективности медицинской помощи населению, в основе которого использовался анализ статистических данных за 2020-2022 год. Данные были выбраны с использованием «базы данных Республиканского центра электронного здравоохранения».

В исследовании приняли участие 756511 человек Павлодарской области (средняя численность населения за 2022 год по данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)). Участники были разделены на группы по возрастным признакам: дети от рождения до 14 лет, подростки от 15 до 17 лет и взрослые от 18 лет, и старше 60 лет (рисунок 1).